

**2020 жылға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді (1 лот) екі кезеңді конкурс тәсілімен қайта сатып алуды өткізу туралы
Хабарландыру**

«СҚ-Фармация» ЖШС БСН 090340007747, мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық к., д. 13/3, «NURSAYA DELUXE» бизнес орталығы, 2-4 қабаттар, банктік деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, ЖСК KZ456010111000045697, БСК HSBKZKX Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес, 2020 жылға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алу (1 лот) бойынша екі кезеңді конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атаулары немесе құрамы, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атаулары немесе құрамы, олардың сипаттамалары мен көлемі көрсетілген әрбір лот бойынша сатып алынатын қызметтердің атауы осы хабарландыруға №4 қосымшада көрсетілген.

Әлеуетті өнім берушілер 2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (1 лот) бойынша екі кезеңді конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімін Қағидаларға сәйкес толтырады және ұсынады.

Әлеуетті өнім берушілер 2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (1 лот) бойынша екі кезеңді конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдерді жапсырылған конверттерде қабылдау (тіркеу) 2019 жылғы 4 желтоқсанда 10 сағат 00 минуттан бастап және 2019 жылы 18 желтоқсанда 10 сағат 00 минутта мына мекен-жай бойынша аяқталады: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13/3, «NURSAYA DELUXE» бизнес орталығы, 4-ші қабат, сатып алу бөлімі (конкурстық комиссияның хатшысы).

Әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған конкурстық өтінімдерді ашу рәсімі 2019 жылғы 18 желтоқсанда сағат 11.00 минутта мына мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13/3, «NURSAYA DELUXE» бизнес орталығы, 3-қабат, конференц-зал.

2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі сатып алынатын (1 лот) қызметтердің техникалық сипаттамасы осы хабарландырудың №2 қосымшасында көрсетілген.

Әлеуетті өнім берушілер 2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алуға (1 лот) қатысу үшін конкурстық өтініміне осы хабарландырудың №1 қосымшасында көрсетілген әр лоттың сомасынан үш пайыз мөлшерінде конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

Әлеуетті өнім берушілер екі кезеңді конкурс тәсілімен дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алуға қатысуға конкурстық өтінімді осы хабарландырудың 1-қосымшасында көрсетілген әрбір лот сомасының үш пайызы мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді Бірыңғай дистрибьюторға енгізеді.

Бірнеше лотқа қатысқан жағдайда әлеуетті өнім беруші әрбір лот бойынша конкурстық өтінімге кепілдік беруі мүмкін.

Бірнеше лот бойынша қатысқан жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімнің кепілдік қамтамасыз етуін әрбір лотқа жеке ұсына алады.

2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алуға (1 лот) бөлінген сомасы, орыны және мерзімдері осы хабарландырудың 1-қосымшасында көрсетілген. 2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алуға (1 лот) бөлінген сома Қағиданың 110 және 111-тармақтарына сәйкес сатып алу рәсімдерін жүзеге асырған жағдайда өзгеруі мүмкін..

2020 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу бойынша (1 лот) денсаулық сақтау саласындағы субъектілердің тізімі және мекен-жайлары осы хабарландырудың 3-қосымшасында көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші Қағидалардың 2-тарауының біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек.

Екі кезеңдік конкурсқа қатысу үшін құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылады.

Аталған сатып алу бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі 13/3, «NURSAYA DELUXE» бизнес-орталығы, 4-қабат, Конкурстық комиссия хатшысынан немесе мына телефон бойынша 8(7172) 57-13-04 алуға болады.

Әлеуетті өнім берушілер осы хабарландыруға 5-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес баға ұсынысын береді.